БҰЛАНДЫ АУДАНЫ

BULANDY AQPARAT

Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета

№ 43 (545)
30.10.2026

ДӘСТҮРЛІ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

28 қазанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауын жариялады.

Биылғы Жолдауда Тәуелсіздіктің 35 жылдығы мен референдум арқылы қабылданған жаңа Конституция аясында ел дамуының басты бағыттары айқындалды.

Мемлекет басшысының үндеуіндегі негізгі шешімдер мен басымдықтар:

Инфрақұрылымды ауқымды жаңғырту: Тұрғын үй, жол, көлік, әлеуметтік және инженерлік желілерді жаңарту үшін Ұлттық қордан 2029 жылдың соңына дейін 6,5 триллион теңге бөлінеді. Сонымен қатар, биыл және 2027 жылдың басында әлеуметтік жобаларды іске қосуға 1,5 триллион теңге бағытталады.



Халықтық цифрлық экономика: Ауыл мен қала тұрғындары үшін цифрлық мүмкіндіктер теңестіріледі. Мемлекеттік қолдау шаралары жеке маркетплейстермен, банктермен және логистикалық сервистермен біріктіріліп, ауыл өндірушілеріне тауарларын өткізуге көмектесетін пилоттық жобалар іске қосылады.

Активтерді токенизациялау: Азаматтарға компаниялар мен нысандардың совладелеці (ортақ иесі) болуға және кәсіпкерлерге делдалсыз тікелей капитал тартуға мүмкіндік беретін токенизация әлеуетін толық пайдалану тапсырылды.

Қалаларды дамыту және «цифрлық сыңарлар»: Үкімет пен әкімдіктерге қала инфрақұрылымын тиімді басқару үшін қалалардың цифрлық сыңарларын (digital twins) әзірлеу міндеттелді. Бұл шаралар «Таза Қазақстан» жалпыұлттық тұжырымдамасына сәйкес жүргізіледі.

Экономикалық көрсеткіштер: Алтын-валюта резервтері мен Ұлттық қор активтері 130 миллиард доллардан асқаны, ал өңдеу өнеркәсібінің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 14 пайыздан жоғарылағаны атап өтілді.

Мемлекеттік институттарды жаңарту: Саяси реформалар аясында жаңа Конституция күшіне еніп, Құрылтай мен Үкімет жаңарғаннан кейін, алдағы уақытта Қазақстан Халық Кеңесі құрылып, мемлекеттік органдарды жаңарту процесі толығымен аяқталады.

Президент өз сөзінде еліміздің алдында тұрған басты мақсат - әділетті, қуатты және прогрессивті Қазақстанды құру екенін, ол үшін тек заңдарды ғана емес, қоғамдық сананы да өзгерту қажеттігін баса айтты.



Республика күні – елдігіміздің еңселі мерекесі

Аудандық мәдениет үйінде еліміздің ұлттық мерекесі Республика күніне арналып "Елдігімнің айбары – Республикам" атты мерекелік шара өтті. Аудан әкімі Ардақ Дулатұлы Смайылов жиналған көпшілікті еліміздің басты мерекесімен құттықтап, бұл күннің маңыздылығын тілге тиек етті. Республика күніне орай Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен жерлестеріміз Бақытжан Қабденқызы Есмурзина және Нұрбек Балтабекұлы Сексенов "Қазақстан Республикасы Парламентіне 30 жыл" мерекелік медалімен марапатталады. Сондай-ақ аудан өмірінің өркендеуіне сүбелі үлес қосып, еңбектері еленіп жүрген бірқатар жерлестерімізге орталық сайлау комиссиясының және аудан басшысының алғыс хаттары табысталды. Мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданған «Қараөзек ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы Жанғавыл Нұрдәулет көпшілік алдында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшісінің антын қабылдады.

Ел тарихындағы егемендік идеясын айшықтайтын маңызды күнге арналған мерекелі кешті дәстүрлі әнші Қазыбек Қалиев қазақтың қара домбырасымен ашты. Қазақбай Нұрсамал мен Назира Исаева прима, қобыз аспаптарында өнер көрсетсе, елге танымал «Оқжетпес» тобы әсем әндерімен көпшіліктің көңілін тербетті. «Ақ жаулық» «Благовест», «Айгөлек» және қаламыздағы «Арнауы әлеуметтік қызметтер көрсету» мекемесінің қызметкерлері шырқаған әндер көпке дейін ел есінде қалары сөзсіз. Сонымен қатар кеш барысында «Алтынай», «Ритм», «Сердало» және «Радуга» би ұжымдары өнер көрсетті. «Виртуоз» халықтық цирк студиясының өнерпаздарының өнері көпшіліктің таңданысын тудырды. Кеш соңы Бұландының әнұранындай болып кеткен «Құтты мекен Бұланды» әнімен түйінделді.

Жаңа саябақ – ел игілігі жолындағы игі қадам

Республика күні мерекесі қарсаңында аудан орталығы Макинск қаласындағы жаңа саябақтың ашылуы болды. Екі жылға созылған құрылыс жұмыстары толық аяқталып, ел игілігіне пайдаланылуға берілді. Саябақтың ашылуына қатысқан аудан әкімі Ардақ Дулатұлы Смайылов жиналған көпшілікті жаңа саябақтың ашылуымен құттықтады. Төлеубек Жүсіпбеков бастаған ел ақсақалдары ізгі тілектерін айтты. Аудан өнерпаздары әсем әндер шырқап, жиналған көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Жаңа саябақта балалар ойын алаңы, түрлі жаттығу тренажорлары, әткеншектер, жүгіру және жаяу жүргінші жолдары, амфитеатр бар. Сондай-ақ арнайы ана мен бала бөлмесі қызмет етеді. Жаңа саябақты – ауданымыздың өркендеуіне қосылған үлес, тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған игі қадам деп білеміз.

Өзіміздің ақпарат.



ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ – ТҰҒЫРЛЫ БОЛАШАҚ

День Республики – символ независимости и единства страны



В Модельном центральной районной библиотеке состоялся литературный час, посвящённый одному из важнейших государственных праздников Республики Казахстан - Дню Республики, на который были приглашены представители нескольких поколений: ветераны труда, сотрудники районного отдела полиции, представители общественности и учащаяся молодежь.

Мероприятие началось с приветствия ведущих, которые поздравили присутствующих с праздником и рассказали об историческом значении этой знаменательной даты.

25 октября 1990 года была принята Декларация о государственном суверенитете Казахской ССР. Это событие стало важным шагом на пути становления независимого Казахстана, укрепления государственности и определения дальнейшего развития страны. День Республики символизирует свободу, единство народа, патриотизм и ответственность каждого гражданина за будущее своей Родины.

В ходе мероприятия участникам был представлен видеоролик «Процветание Казахстана», рассказывающий о достижениях страны, её развитии и успехах за годы независимости.

С поздравительной речью выступили председатель Совета аксакалов Шахман Байдүйсенұлы и председатель районного Совета ветеранов Бигайша Туртанова. В своём выступлении гости подчеркнули важность сохранения национальных ценностей, гражданского единства и мира в обществе. Особое внимание было уделено значению Конституции, принципам свободы, равенства, согласия и взаимного уважения. Казахстан является многонациональным государством, где дружба и единство народа служат прочной основой стабильности и процветания.

В рамках встречи участники обсудили историческое значение Дня Республики и важность сохранения памяти о событиях, определивших судьбу страны.

Для гостей была организована познавательная викторина, посвящённая истории и достижениям Казахстана. Участники, из числа учащейся молодежи, отвечали на вопросы о государственных символах, столице страны, освоении космоса, развитии образования и природных богатствах республики. В ходе викторины прозвучали имена первых казахстанских космонавтов - Токтара Аубакирова и Талгата Мусабаева, а также сведения о становлении Астаны и открытии Назарбаев Университета.

Особое настроение мероприятию придало чтение стихотворения, посвящённого Дню Республики. Поэтические строки напомнили присутствующим о любви к родной земле, уважении к истории и гордости за свою страну.

Завершила встречу приглашенные почетные ветераны труда своими словами напутствия молодежи. Как представитель старшего поколения, они поделились мыслями о достижениях независимого Казахстана и значении духовных ценностей, призвав молодёжь быть образованными, трудолюбивыми, патриотичными и ответственными гражданами своей страны.

Литературный час прошёл в тёплой и торжественной атмосфере. Мероприятие стало напоминанием о том, что День Республики - это не только важная историческая дата, но и символ единства, мира, независимости и светлого будущего Казахстана.

Пусть наша Родина процветает, народ живёт в мире и согласии, а будущее Казахстана будет наполнено новыми достижениями и добрыми свершениями!









Әлеуметтік қолдау көрсету айлығы аясында

Карамышевка ауылдық округінде қарттар күніне арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, Шұбарағаш орта мектебінде аға буын өкілдеріне арналған мерекелік концерт қойылып, одан кейін мерекелік түскі ас берілді.

Аға буын өкілдеріне көп жылғы еңбегі, өмірлік тәжірибесі және туған өлкенің дамуына қосқан үлесі үшін құрмет пен алғыс белгісі ретінде материалдық көмек көрсетілді.

Іс-шара жылы әрі достық атмосферада өтті. Қонақтар шәй дастарқаны басында әңгімелесіп, естеліктерімен бөлісіп, бірге уақыт өткізгендеріне қуанды.

Қарттар күні – аға буын өкілдеріне құрмет көрсетіп, оларға қамқорлық пен көңіл бөлудің ерекше мүмкіндігі.

Ардақты зейнеткерлерімізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақ-береке, жан жылуы мен жақындарының ықыласын тілейміз! Әр күндеріңіз қуанышқа, құрметке және жақсы жаңалықтарға толы болсын!

Іс-шараны ұйымдастыруға атсалысқан Шұбарағаш орта мектебінің ұжымына және оқушыларына, сондай-ақ мерекенің өтуіне қолдау көрсетіп, үлес қосқан демеушілерімізге шынайы алғысымызды білдіреміз: Шұбарағаш ауылындағы «Марат» кафесі; «Журавлёвка» ЖШС; «Игилик» өндірістік кооперативі; «Қызыл-бидай»; «Сарытомар»; «Рамазанов»; «Шарипов»; «Айтымов»; «Колос» өндірістік кооперативі; «Бекхожин»; «Бекхожин Т.»; «Дамеля»; «Ақбас-Агро»; «Әлем» шаруа қожалықтары.

Мерекені ұйымдастыруға атсалысқан барша азаматтарға аға буын өкілдеріне деген қамқорлығы, ізеттілігі мен мейірімділігі үшін алғыс айтамыз! Сіздердің қолдауларыңыздың арқасында бұл күн жылы әрі есте қаларлықтай өтті.

Карамышевка ауылдық округі әкімінің аппараты.

В рамках месячника социальной поддержки

В Карамышевском сельском округе состоялось праздничное мероприятие, посвящённое Дню пожилых людей.

Для представителей старшего поколения в Шубарагашской средней школе был организован праздничный концерт, после которого состоялось праздничный обед.

В знак уважения и благодарности за многолетний труд, жизненный опыт и вклад в развитие родного края каждому из присутствующих представителей старшего поколения была оказана материальная помощь.

Мероприятие прошло в тёплой и дружеской атмосфере. За чашкой чая гости общались, делились воспоминаниями и радовались возможности провести время вместе.

День пожилых людей — это прекрасный повод выразить признательность старшему поколению, окружить его заботой и вниманием.

Желаем нашим дорогим пенсионерам крепкого здоровья, долголетия, благополучия, душевного тепла и внимания близких! Пусть каждый день будет наполнен радостью, уважением и добрыми событиями!

Благодарим коллектив и учеников Шубарагашской СШ, а также наших спонсоров: кафе «Марат» в с. Шубаргаш; ТОО «Журавлёвка», ПТ Игилик, крестьянские хозяйства «Кызыл-бидай», «Сарытомар», «Рамазанов», «Шарипов», «Айтымов», «Бекхожин», «Бекхожин Т.», «Дамеля», «Акбас-агро», «Алем», ПТ Колос.

Аппарат акима Карамышевского сельского округа.



Діни танымның бұрмалануы және оның қоғамға әсері

Әлемдік дәстүрлі діндердің негізгі құндылықтары адам баласын бейбітшілік пен тыныштыққа, өзара сыйластыққа, татулыққа үндейді. Сондай – ақ адам баласының жаны мен мал мүлкін, ар - намысы мен қадір – қасиетін және жеке басының бостандығын қорғауға ерекше мән береді. Діннің басты мақсаттарының бірі - адамның рухани дүниесін байытып, адамгершілік қасиеттерін арттыру, ізгілік пен әділеттілік құндылықтарын дәріптеу. Дұрыс қалыптасқан діни таным адамның бойында жауапкершілік, сабырлылық, төзімділік, адалдық және өзгелерге құрметпен қарау сияқты қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Алайда қазіргі кезеңде қоғамда ерекше назар аударуды қажет ететін өзекті мәселелердің бірі – діни танымның бұрмалануы. Діни танымның бұрмалануы дегеніміз – діннің негізгі қағидаларын қате түсіндіру, діни ұғымдарды өз мүддесіне қарай өзгерту болып табылады. Мұндай жағдайда діннің адамгершілікке, бейбітшілікке және өзара түсіністікке негізделген құндылықтарды екінші орынға ығыстырып, оның орнына төзімсіздік, өшпенділік пен қоғамды бөлшектеуге бағытталған көзқарастар қалыптасуы мүмкін.

Қазір қоғамдағы әлеуметтік – мәдени өзгерістер мен жаһандану үдерісі діни құндылықтарды қабылдау мен түсіндіруге айтарлықтай әсер етуде. Әсіресе ақпараттық технологиялардың дамуы діни ақпараттың жылдам таралуына мүмкіндік бергенімен, жалған мәліметтер мен қате түсініктердің таралу қаупін де арттырды. Қазіргі уақытта интернет пен әлеуметтік желілерде діни тақырыптар бойынша әртүрлі ақпараттар жарияланады. Олардың арасында ғылыми негізделген, сенімді ақпараттар мен қатар дінді өз мақсатына пайдаланып, дінді бір жақты түсіндіретін топтар да кездеседі. Діни білімі жеткіліксіз адам мұндай ақпараттардың шынайылығын ажырата алмай, қате көзқарастардың ықпалына түсуі мүмкін. Сондай ақ, діни танымның бұрмалануына әсер ететін негізгі факторлардың бірі - діни сауаттылықтың жеткіліксіздігі. Адам діннің тарихын, негізгі қағидаларын және оның қоғамдағы орнын толық түсінбеген жағдайда, қате пікірлерді ақиқат ретінде қабылдауы ықтимал. Сонымен қатар әлеуметтік мәселелер, жалғыздық, өмірлік қиындықтар, қоғамнан шектетілу сезімі және рухани қолдаудың жетіспеуі кейбір адамдардың радикалды көзқарастағы топтардың ықпалына түсіп кетудегі бірден - бір себебі осы. Сондықтан діни танымның бұрмалануы тек діни білімнің жетіспеушілігімен байланыстыру жеткіліксіз. Бұл мәселені әлеуметтік, психологиялық, мәдени және ақпараттық факторларды ескере отырып қарастыру қажет.

Діни танымның бұрмалануының алдын алу үшін бірнеше бағыт бойынша жүйелі түрде жұмыс жүргізу қажет: Біріншіден, халықтың діни сауаттылығын арттыру керек. Ол үшін білім беру орындарында, қоғамдық ұйымдарда және ақпараттық кеңістікте дін туралы дұрыс сенімді әрі түсінікті мәліметтер тарату маңызды. Адамдар діни ұғымдардың тарихын, мәдени және рухани маңызын тереңірек ұғынуы тиіс. Оған қоса діни мәселелер бойынша сұрақ туындағанда сенімді әрі білікті мамандардың түсіндірмесіне жүгінген жөн. Екіншіден, азаматтардың сыни ойлау қабілетін қалыптастыру қажет. Қазіргі ақпараттық қоғамда кез келген мәліметтерді бірден шындық ретінде қабылдамай, оның қайдан алынғандығын, сенімді деректермен расталған-расталмағандығын тексеру керек. Үшіншіден, отбасы мен білім беру ұйымдарының рөлін күшейту қажет. Ата - аналар балаларымен діни, мәдени және адамгершілік құндылықтар туралы ашық сөйлесіп, олардың сұрақтарына түсіністікпен қарау керек. Ал білім беру ұйымдары жастардың бойына жауапкершілік, өзге пікірді құрметтеу және бейбіт қарым – қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру керек. Жастарға қысым көрсету немесе олардың сұрақтарын елемеу мәселені шешпейді. Керісінше, сенімді қарым – қатынас орнату қажет. Төртіншіден, мемлекет пен қоғам деструктивті діни сенім ағымдардың теріс ықпалының алдын алу бағытында бірлесіп жұмыс істеу қажет. Адамның ар – ождан бостандығын құрметтеу, заң талаптарын сақтау және азаматтардың құқықтарын қорғау негізгі қағидалар болуы тиіс.

Қорытындылай келе, діни танымның бұрмалануы – жеке адамның дүниетанымына ғана емес, бүкіл қоғамның тұрақтылығы мен рухани дамуына әсер ететін күрделі мәселе. Дін адамды ізгілікке, мейірімділікке, әділеттілікке және жауапкершілікке тәрбиелеуге ықпал етуі тиіс. Ал діни сенімді жеке мүдде үшін пайдалану, өшпенділікке тарату және адамдарды бір - біріне қарсы қою, адамның адамгершілік құндылықтарына қайшы келеді. Менің ойымша, діни бұрмалануының алдын алудың ең тиімді жолы - адамдарды діннен алшақтату емес, олардың діни білімін дұрыс қалыптастыру, сыни ойлау қабілетін дамыту және өзге адамдардың құқықтары мен сенімдеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Әрбір азамат ақпараттарды саралап, өз көзқарасына жауапкершілікпен қарап, қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді сақтауға үлес қосса нұр үстіне нұр болмақ.

А. САРДЕНОВ, Ақмола облысы Дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» Ақпараттық түсіндіру жұмысы және оқалту бөлімінің теолог маманы.

ҚАМҚОРШЫЛАР КҮНІ – ДЕНЬ ОПЕКУНА

Қамқоршылар күні: бала тағдырына бақыт сыйлаған жүректер

Отбасы тек қандастықтан ғана құралмайды. Отбасы жүректен басталады. Бірде өз үйінің есігін балаға айқара ашуға, оған қамқорлық, назар, қолдау және ең бастысы – оның керек әрі сүйікті екенін сезіндіруге маңызды шешім қабылдаған адамнан басталады. Қамқоршылар күні – бала тағдыры үшін үлкен жауапкершілікті өз мойнына алған жандарға шын жүректен алғыс айтатын ерекше күн. Бұл – мейірімділік, қайырымдылық, жан жомарттығы мен шынайы адамгершілік жанашырлықтың мерекесі.

Құрметті қамқоршылар мен қорғаншылар!

Сіздер оңай емес, бірақ шынайы ізгі жолды таңдадыңыздар. Күн сайын балалардың қасынан табылып: қиындықтарды жеңуге көмектесесіздер, оқуда қолдау көрсетесіздер, табыстарына қуанып, дербестікке үйретесіздер, сәтсіздіктеріне бірге қайғырып, олармен бірге болашаққа жоспар құрасыздар. Бала үшін қиын сәтте оны жалғыз қалдырмайтын, өзіне күмәнданған кезде оған сенетін, ең қарапайым әрі ең қажетті: «Мен қасыңдамын. Сен үйіндесің. Сен жалғыз емессің» деген сөзді айтатын ересек адамның бар екенін білу өте маңызды. Нағыз отбасылық бақыт дәл осындай күнделікті іс-әрекеттерден құралады.

Біздің қамқоршы отбасыларымыздың арасында ата-анасының қамқорлығысыз қалған балаларды өз отбасына қабылдап, олардың үй жылуын сезінуіне, ертеңгі күнге деген сенімділігіне және қабілеттерін ашуға көмектескен жандар бар. Бір уақытта бірнеше баланы тәрбиелеп, олардың білім алуына қолдау көрсетіп, ересек өмірге бағыттап, әрбір жетістігіне шын жүректен қуанатын отбасылар бар. Олардың тарихы – тек қиындықтар туралы емес. Бұл – үміт, сенім, адамгершілік мейірімділік пен бала тағдырын өзгерте алатын махаббат туралы хикаялар.

Бүгін әрбір қамқоршыға айтқымыз келетіні:

Үлкен жүректеріңіз үшін рақмет.

Төзімділік пен түсіністік танытқандарыңыз үшін рақмет.

Үйлеріңіздің жылуы үшін рақмет.

Бала тағдырына бейжай қарамай, осы жолды таңдағандарыңыз үшін рақмет.

Балаларыңыз деңі сау әрі бақытты болып өссін, өз армандарына сенімді қадам басып, лайықты білім алып, табыстарға жетсін. Олардың алға басқан әрбір қадамы, әрбір жеңісі, күлкісі мен жылы сөзі сіздер үшін ең үлкен марапат болсын.

Барлық қамқоршыларға зор денсаулық, отбасылық бақ-береке, рухани күш, төзімділік пен қуаныш тілейміз. Үйлеріңізде әрдайым бала күлкісі естіліп, өзара түсіністік пен махаббат салтанат құрсын, ал балаларға берген жылулықтарыңыз өздеріңізге еселеніп қайтсын. Қамқоршылар күні баршамызға қарапайым, бірақ өте маңызды ақиқаттарды еске салсын: бөтен бала болмайды, жақсылық істен басталады, ал нағыз отбасы жүректен басталады.

Барлық қамқоршылар мен қорғаншыларды терең құрметпен және алғыспен Қамқоршылар күнімен құттықтаймыз! Балаларға ең құнды дүниені - отбасын, махаббат пен болашаққа деген сенімді сыйлауға көмектескендеріңіз үшін рақмет.

Бұланды ауданының білім бөлімі.



День опекуна: семья начинается с сердца

Семья начинается не только с родства. Семья начинается с сердца.

С человека, который однажды принимает важное решение – открыть двери своего дома ребёнку, подарить ему заботу, внимание, поддержку и самое главное – чувство, что он нужен и любим.

День опекуна – это особый день, когда мы говорим слова искренней благодарности людям, которые взяли на себя огромную ответственность за судьбу ребёнка. Это праздник доброты, милосердия, душевной щедрости и настоящего человеческого участия.

Уважаемые опекуны и попечители!

Вы выбрали непростой, но по-настоящему благородный путь. Каждый день вы рядом с детьми: помогаете им преодолевать трудности, поддерживаете в учёбе, радуетесь их успехам, учите самостоятельности, сопереживаете неудачам и вместе с ними строите планы на будущее.

Для ребёнка особенно важно знать, что есть взрослый человек, который не оставит его в трудную минуту, который поверит в него тогда, когда он сам в себе сомневается, который скажет простое и такое необходимое: «Я рядом. Ты дома. Ты не один».

Именно из таких ежедневных поступков складывается настоящее семейное счастье.

Среди наших опекунских семей есть люди, которые приняли в свои семьи детей, оставшихся без родительской заботы, помогли им обрести домашний уют, уверенность в завтрашнем дне и возможность раскрыть свои способности. Есть семьи, которые воспитывают сразу нескольких детей, поддерживают их образование, сопровождают во взрослую жизнь и искренне радуются каждому достижению.

Их истории – это истории не только о трудностях. Это истории о надежде, доверии, человеческой доброте и любви, которая способна изменить судьбу ребёнка.

Сегодня хочется сказать каждому опекуну:

- Спасибо вам за ваше большое сердце.
- Спасибо за терпение и понимание.
- Спасибо за тепло вашего дома.
- Спасибо за то, что однажды вы выбрали не пройти мимо детской судьбы.

Пусть ваши дети растут здоровыми и счастливыми, уверенно идут к своим мечтам, получают достойное образование и добиваются успехов. Пусть каждый их шаг вперёд, каждая победа, улыбка и доброе слово становятся для вас самой большой наградой.

Желаем всем опекунам крепкого здоровья, семейного благополучия, душевных сил, терпения и радости. Пусть в ваших домах всегда звучит детский смех, царят взаимопонимание и любовь, а тепло, которое вы отдаёте детям, возвращается к вам сторицей.

Пусть День опекуна напоминает нам всем о простых, но очень важных истинах: чужих детей не бывает, добро начинается с поступка, а настоящая семья начинается с сердца.

С глубоким уважением и благодарностью поздравляем всех опекунов и попечителей с Днём опекуна!

Спасибо за то, что помогаете детям обрести самое ценное - семью, любовь и веру в своё будущее.

Отдел образования Буландынского района.

Династия добра: бабушкина любовь – внучкина звезда

Есть люди, для которых забота о ребёнке становится не просто обязанностью, а настоящим смыслом жизни. Они не ждут благодарности, не считают затраченных сил и средств, а каждый день делают всё возможное, чтобы маленький человек вырос счастливым, уверенным в себе и нашёл свою дорогу в жизни. Именно такой человек - замечательная бабушка Наталья Ивановна Рихмаер, которая посвятила себя воспитанию любимой внучки Алёны Сергеевны Зыкиной.

В 2012 году, когда Алёне было всего один год и пять месяцев, девочка осталась без попечения родителей. Для бабушки это стало моментом, когда нужно было принять самое важное решение – взять на себя ответственность за судьбу маленького человека. Она оформила опеку и с огромной любовью, терпением и верой в будущее начала растить свою внучку.

Жизнь не всегда была лёгкой. Небольшая заработная плата, скромное пособие, постоянные заботы и повседневные трудности не могли стать преградой для любящего сердца. Бабушка не испугалась испытаний, потому что знала: самое главное богатство - это ребёнок, которому необходимы любовь, поддержка и возможность раскрыть свои способности.

Она мечтала не просто вырастить Алёну, но и помочь ей найти свою изюминку, увидеть в ней ту самую звёздочку, которая однажды засияет ярко и уверенно. И её старания принесли прекрасные плоды.

Алёна росла трудолюбивой, активной и талантливой девочкой. Благодаря поддержке бабушки она много занималась, участвовала в танцевальном коллективе, выступала на сцене и вместе со своим коллективом неоднократно занимала призовые места. Она пробовала себя в разных ролях, не боялась публики, умела быть яркой и артистичной. Алёна была и танцором, и ведущей, и настоящим украшением мероприятий. Там, где появлялась эта девочка, словно загоралась маленькая звезда.



За каждым её успехом стояла бабушка - человек, который верил в неё даже тогда, когда путь требовал немалых усилий. Она вкладывала в Алёну не только материальные средства, но и самое дорогое: душевное тепло, время, внимание, заботу и безграничную любовь. Она помогала внучке развиваться, поддерживала её стремления и учила своим примером не сдаваться перед трудностями.

Сегодня Алёне 15 лет. Она окончила девять классов и сделала важный шаг навстречу взрослой жизни - поступила в высший медицинский колледж, выбрав специальность лаборанта-диагноста. В этом решении чувствуется её стремление к знаниям, желание стать самостоятельной и приносить пользу людям.

Для бабушки это не просто новый этап в жизни внучки. Это особая гордость, тихая радость и подтверждение того, что годы заботы и воспитания были наполнены глубоким смыслом. Всё, что она вкладывала в Алёну, постепенно превращается в её характер, целеустремлённость, трудолюбие и желание идти вперёд.

Алёна продолжает свой путь, бережно сохраняя то, чему научила её любимая бабушка: ценить труд, не бояться ответственности, стремиться к лучшему и достойно отвечать на добро добром. И пусть впереди у неё ещё много открытий, испытаний и достижений, у этой девушки уже есть самое главное - прочный фундамент любви, который помог ей поверить в себя.

История этой семьи - не просто рассказ об опеке. Это история о том, как одна женщина сумела стать для внучки целым миром, подарить ей уверенность, раскрыть её таланты и помочь сделать первые шаги к будущей профессии. Это история о том, что настоящая семья определяется не только родственными узами, но прежде всего преданностью, ежедневной заботой и готовностью быть рядом в любую минуту.

В преддверии Всемирного дня опекуна хочется выразить этой замечательной бабушке самые искренние слова благодарности и признательности. За её большое сердце, за материнскую нежность, за стойкость перед жизненными трудностями, за годы труда, которые невозможно измерить ни деньгами, ни словами. За то, что она сумела увидеть в маленькой девочке звёздочку и помогла ей засиять.

Сегодня эта звёздочка растёт, развивается, учится и строит своё будущее. А рядом с ней всегда остаётся человек, чья любовь стала её опорой и путеводным светом.

Пусть впереди Алёну ждут новые успехи, профессиональные достижения и счастливые события, а бабушке жизнь подарит как можно больше поводов гордиться своей внучкой. Ведь самая большая награда для опекуна – видеть, как ребёнок, в которого вложены душа и сердце, уверенно идёт по жизни.

И пока передаётся любовь, пока продолжаются семейные традиции доброты и заботы, продолжается и династия. Династия, в которой главное наследство – не богатство, а человеческое тепло, сила духа и умение любить.

С Всемирным днём опекуна! Низкий поклон за Ваш труд, терпение и любовь, которые помогли вырастить настоящую звёздочку!

Т. МАКСИМОВА, методист по защите прав детей районного отдела образования.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

Кәсібилік, мейірімділік, жанашырлық пен шынайы ықыластың жарқын үлгісі



Ауданымыздағы Үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында Халықаралық қарттар күніне және әлеуметтік қорғау саласында еңбек етіп, қамқорлыққа мұқтаж жандарға қолдау көрсетіп жүрген мамандарға арналған жылы әрі әсерлі мерекелік іс-шара өз мәресіне жетті.

Аға буын - өмірдің өнегесі, ұрпаққа қалдырған асыл мұрасы, ақыл-парасаты мен рухани тірегі. Қарияларды құрметтеу, олардың қажеттіліктеріне көңіл бөлу, қамқорлық таныту - халқымыздың бойына сіңген ізгі қасиеттердің бірі.

Бұланды ауданындағы Үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының жұмысы Мұрат Қабенұлы Исмағамбетовтің басшылығымен жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Әлеуметтік қорғау саласында мол тәжірибесі бар басшының келуімен орталықтың жұмысы жанданып, қызмет алушыларға арналған түрлі форматтағы танымдық, шығармашылық және мәдени іс-шаралар жиі ұйымдастырыла бастады.

Мұндай кездесулердің басты мақсаты - қызмет алушылардың бос уақытын мазмұнды өткізу, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қоғаммен байланысын нығайту және әр адамның өзін ортақ ортаның маңызды мүшесі ретінде сезінуіне жағдай жасау. Осындай басқосулар адамдарға бір-бірімен араласып, қуанышымен



бөлісуге, жақсы көңіл күйге бөленіп, өмірге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл жолғы мерекелік кездесу де ерекше жылулық пен шынайы ықыласқа толы болды.

Мерекелік бағдарламаны жүргізушілер жылы лебізімен ашып, жиналған қауымды айтулы күнмен құттықтады. Одан кейін орталық директоры Мұрат Қабенұлы құттықтау сөз сөйлеп, аға буын өкілдеріне зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларына амандық пен береке, балалары мен немерелерінің қызығын көруді тіледі.

Мерекелік бағдарламаның ажарын ашқан өнер көрсетілімдері де көрермендердің көңілінен шықты. Аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздары мен орталық қызметкерлері әсем әндер орындап, жүрекке жылы тиетін өлеңдер оқыды. Кеш барысында «Елім», «Дорогие мои старики», «Да, я старею», «Сыған серенадасы» сынды әндер шырқалды.

Роза Жақсылыққызы Бермұхамбетова, орталық директоры Мұрат Қабенұлы Исмағамбетов, Галина Александровна Дрожак және басқа да өнерпаздар өз өнерлерін ортаға салып, жиналған қауымға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Әрбір орындау зор қошеметке бөленіп, көрермендердің жүздеріне күлкі ұялатты.

Әсіресе орталық қызметкерлері мен қызмет алушылардың бірлесіп дайындаған шығармашылық нөмірлері көпшіліктің ықыласына бөленді. Бұл - өнердің жасқа қарамайтынын, ал қуаныш сыйлап, жақсы көңіл күймен бөлісу ниеті адамдарды жақындастыра түсетінін көрсеткен жарқын сәттердің бірі болды.

Мерекенің тағы бір ерекше бөлігі - қызмет алушылардың өз қолдарымен жасаған шығармашылық жұмыстары және аспаздық туындылар қойылған көрме еді. Әлеуметтік қызметкерлердің жетекшілігімен дайындалған түрлі қолөнер бұйымдары және тәтті тағамдар өздерінің ерекшелігімен, ұқыптылығымен және өзіндік шешімдерімен көз тартты.

Әрбір жұмыстың артында адамның ізденісі, төзімі, талпынысы мен еңбегі жатыр. Мұндай шығармашылық сабақтар қызмет алушылардың қабілетін шыңдап қана қоймай, олардың өз күшіне деген сенімін арттырып, күнделікті өміріне жаңа мазмұн мен қызығушылық қосады.

Көрме қорытындысы бойынша үздік қолөнер бұйымдарының авторларын марапаттау рәсімі өтті. Қатысушылар өз еңбектерінің бағаланғанына қуанып, көпшіліктің ықыласына бөленді. Бұл сәт әр адамның еңбегін бағалау мен оның жетістігіне ортақтаса білудің маңызын тағы бір мәрте айқындады.

Мереке барысында күн сайын қызмет алушылардың жанынан табылып, оларға қолдау көрсетіп жүрген әлеуметтік қызметкерлерге де ерекше алғыс айтылды.

Әлеуметтік қызметкер - жай ғана мамандық емес, ол үлкен жүректі, сабырлылықты, жауапкершілікті және адамға деген шынайы жанашырлықты талап ететін ерекше кәсіп. Бұл мамандық иелері күнделікті міндеттерін орындап қана қоймай, әр адамның көңіл күйіне назар аударып, оның қажеттілігін түсінуге, қиындықтарын жеңілдетуге және өмірін жақсартуға күш салады.

Әлеуметтік қызметкер күнделікті тұрмыстық мәселелерді шешуге көмектеседі, қажет кезінде қолдау көрсетеді, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамытуға ықпал етеді, бос уақытты тиімді ұйымдастырып, адамның қоғаммен байланысын сақтауға жәрдемдеседі. Алайда олардың еңбегінің ең маңызды қыры - қамқорлығындағы адамға өзін жалғыз сезінбеуге мүмкіндік беруі.

Кейде бір ауыз жылы сөз, шынайы ықылас, мұқият тыңдай білу немесе жай ғана хал-жағдайын сұрау адамның көңіліне демеу болып, бойына сенім ұялатады. Осындай қарапайым көрінетін, бірақ мәні терең әрекеттер әлеуметтік қызметкерлер еңбегінің адамгершілік сипатын айқындайды.

Сондықтан әлеуметтік қызметкердің еңбегін тек атқарылған жұмыстардың санымен өлшеу мүмкін емес. Оның шынайы нәтижесі - қызмет алушылардың алғысында, сенімінде, жүзіндегі күлкісінде және ертеңгі күнге деген үмітінде.

Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында орталықта салтанатты марапаттау рәсімі де ұйымдастырылды. Іс-шара барысында орталық директоры Мұрат Исмағамбетов пен іс жүргізуші Айнагүл Даниярова қызметкерлерге «Мейірім мен ізгілік» медальдарын табыстады.

Адамдарға деген жанашырлығы, кәсіби шеберлігі және өз ісіне адалдығы үшін әлеуметтік қызметкерлер Светлана Петровна Филипьева, Мадина Усмановна Ужахова, Наталья Валерьевна Гебгардт, Салтанат Мұқанқызы Қаскенова, Роза Жақсылыққызы Бермұхамбетова, Гүлнар Серікқызы Даирова, Нұржамал Сатқожақызы Ахметжанова, Любовь Петровна Ушакова, Роза Магомедовна Хутиева, Галина Леонидовна Крапивко және Татьяна Викторовна Самсонова марапатқа ие болды.

Бұл марапаттар - күн сайын атқарылатын жауапты еңбектің, сабыр мен төзімнің, мейірім мен қамқорлықтың белгісі. Әр маманның қызметінде көзге бірден көріне бермейтін, алайда адам өмірінде үлкен маңызы бар талай ізгі іс жатыр.

Мерекенің ең әсерлі сәттерінің бірі - қызмет алушылардың орталық басшылығы мен әлеуметтік қызметкерлерге арнаған алғыс сөздері болды. Олар өздерінің күнделікті өмірінде көрсетіліп жүрген көмектің, ықылас пен қамқорлықтың маңызын атап өтіп, орталық қызметкерлеріне шынайы ризашылықтарын білдірді.

Мұндай жүректен шыққан алғыс - әрбір маман үшін ең қымбат марапат. Ол атқарылған еңбектің елеусіз қалмайтынын, адамдардың сенімі мен ризашылығы алдағы уақытта да адал қызмет етуге жігер беретінін көрсетеді.

Мерекелік кеш ақжарма тілектермен, көтеріңкі көңіл күймен және дастарқан басындағы жылы жүздесумен жалғасты. Қатысушылар бір-бірімен еркін әңгімелесіп, әсерлерімен бөлісіп, ортақ қуаныштың шуағына бөленді.

Осындай іс-шаралардың маңызы ерекше. Олар аға буын өкілдерінің қоғамдағы орнын сезінуіне, адамдармен араласуына, өмірге деген қызығушылығының артуына және жағымды эмоциялар алуына ықпал етеді. Ал орталық қызметкерлері үшін бұл - өз еңбектерінің нәтижесін қызмет алушылардың ризашылыққа толы көздерінен көретін тағы бір мүмкіндік.

Бұланды ауданындағы Үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында өткен мерекелік кездесу адамгершіліктің қарапайым істерден басталатынын тағы бір мәрте дәлелдеді. Ол - жылы сөз айту, көмек қолын созу, өзгенің жағдайына бейжай қарамау және шын жүректен қолдау көрсету.

Айналасындағыларға қамқорлық танытып, өзгенің мұңын түсіне білетін жандар барда қоғамымызда адамгершілік пен мейірімнің шырағы сөнбейді.

Өйткені аға буынға, мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқорлық жасау - жай ғана ізгі ниет емес, ал әлеуметтік қызметкерлердің еңбегі - кәсібилік пен мейірімділіктің, жанашырлық пен адамға деген шынайы ықыластың жарқын үлгісі.

Құрметті әріптестер, әлеуметтік қорғау саласының ардақты қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!



Әлеуметтік қорғау саласы - мейірімділік пен жанашырлықты, жауапкершілік пен адамгершілікті талап ететін ерекше сала. Сіздер өз өмірлеріңізді көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсетуге, олардың өмірін жақсартуға және әр адамның өзін қоғамның маңызды мүшесі ретінде сезінуіне жағдай жасауға арнадыңыздар.

Бұл мамандық тек кәсіби білім мен тәжірибені ғана емес, үлкен жүректі, сабырлылықты, төзімділікті және өзгенің тағдырына бейжай қарамайтын шынайы жанашырлықты қажет етеді.

Сіздер күн сайын қамқорлыққа мұқтаж адамдарға қолдау көрсетіп, олардың тұрмыстық қиындықтарын жеңілдетуге көмектесесіздер, көңілдеріне сенім мен үміт ұялатасыздар. Кейде бір ауыз жылы сөздің, шынайы күлкінің немесе дер кезінде көрсетілген көмектің өзі адамға үлкен демеу болады.

Әлеуметтік қызметкердің еңбегі сан қырлы. Бұл - күнделікті көмек көрсету ғана емес, адамды тыңдай білу, түсіну, жігерлендіру және қиын сәттерде жанынан табылу. Әрбір ізгі ісіңіздің артында адам тағдыры, алғысқа толы жүректер мен мейірімге деген сенім жатыр.

Осы орайда орталығымыздың барша ұжымына адал еңбектері, кәсібіне деген сүйіспеншілігі, төзімділігі мен қызмет алушыларға көрсетіп жүрген шынайы қамқорлығы үшін ерекше алғысымды білдіремін. Сіздердің күнделікті еңбектеріңіз - үлкен құрметке лайық игілікті іс.

Құрметті әріптестер!

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен береке, еңбектеріңізге табыс, қажымас қайрат пен сарқылмас күш-қуат тілеймін! Әрдайым жақсылықтарыңыз өздеріңізге еселеп қайтып, жүректеріңіз қуанышқа толсын. Қызмет алушылардың алғысы мен ақ батасы еңбектеріңіздің лайықты бағасына айналсын!

Адамдарға мейірім сыйлап, жақсылық жасау жолындағы абыройлы қызметтеріңіз әрдайым құрметке бөлене берсін!

Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын, қадірлі әріптестер!

Ізгі тілекпен, Бұланды ауданының Үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры Мұрат Исмағамбетов.

* * *

Уважаемые коллеги, дорогие работники системы социальной защиты!

От всей души поздравляю вас с профессиональным праздником!

Социальная защита - это особая сфера, в основе которой лежат милосердие, сострадание, ответственность и искреннее желание помогать людям. Вы посвятили себя благородному делу, которое требует не только профессиональных знаний и опыта, но и большого сердца, душевной щедрости, терпения и чуткости.

Ежедневно вы дарите внимание и заботу людям, нуждающимся в поддержке, помогаете преодолевать жизненные трудности, вселяете уверенность и надежду. Порой доброе слово, искренняя улыбка и своевременно протянутая рука помощи значат гораздо больше, чем можно выразить словами.

Работа социального работника многогранна. Это и практическая помощь, и психологическая поддержка, и умение выслушать, понять, приободрить. За каждым вашим добрым поступком стоят человеческие судьбы, благодарные сердца и вера в то, что рядом всегда есть тот, кто не оставит в трудную минуту.

Особые слова благодарности хочу выразить коллективу нашего Центра за добросовестный труд, преданность профессии, терпение и душевное отношение к каждому получателю услуг. Ваш ежедневный вклад в общее дело заслуживает глубокого уважения и признательности.

Пусть ваша доброта возвращается к вам сторицей, пусть в ваших семьях царят мир, благополучие и взаимопонимание. Желаю вам крепкого здоровья, счастья, профессиональных успехов, неиссякаемой энергии и душевных сил!

Пусть благородное дело, которому вы служите, всегда будет окружено уважением, а благодарность людей станет самой дорогой наградой за ваш труд!

С праздником, дорогие коллеги!

С уважением, директор Центра оказания специальных социальных услуг на дому Буландынского района Мурат Исмагамбетов.

ДЕНЬ РАБОТНИКОВ СИСТЕМЫ СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ

Доверие и благодарность людей – стимул продолжать своё дело с открытым сердцем

В Центре оказания специальных социальных услуг на дому Буландынского района состоялось тёплое и душевное праздничное мероприятие, посвящённое Международному дню пожилых людей и людям, чья профессия связана с заботой о тех, кто особенно нуждается во внимании и поддержке.

Уважение к пожилым людям с ограниченными возможностями, внимание к их потребностям и искренняя забота о них всегда были и остаются важнейшими человеческими ценностями.

Центр проводит большую, а главное - благородную работу под руководством Мурата Кабеновича Исмагамбетова, опытного специалиста в сфере социальной защиты. С его приходом учреждение заметно преобразилось: здесь стало проводиться больше разнообразных мероприятий, направленных на поддержку получателей услуг, организацию их досуга, раскрытие творческих способностей и создание благоприятной, по-настоящему домашней атмосферы. Каждая такая встреча - это возможность пообщаться, поделиться радостью, почувствовать себя частью дружного коллектива и получить заряд положительных эмоций.

И нынешний праздник стал ещё одним подтверждением того, насколько важны подобные мероприятия для людей, которым особенно нужны человеческое участие, доброе слово и внимание.







